

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШҚІРІ

Қожаева Айгерім Романқызының 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға ұсынған «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Киіктер еліміздің ұлттық байлығы болып табылады, сондықтан олардың популяциясындағы індеттік салауаттылығын сақтау үшін тұрақты және кешенді мониторингтік зерттеулер жүргізілуі қажет.

Ауыл шаруашылық жануарларының ауруларын тірі кезінде және өлгеннен кейін балау үшін қолданылатын әдістер жабайы жануарлардың ауруларын балау үшін әрдайым тиімді бола бермейді. Сонымен қатар, жабайы топтық және тұяқты жануарлардың паразитарлық ауруларының эпизоотологиясында әлі де көптеген түсініксіз сұрақтар бар, атап айтқанда, жануарлардың инвазиялық ауруларының өршуіне қандай факторлар себеп болады. Осыған байланысты, белгілі бір инфекция немесе инвазияның клиникалық көріністерін, қанның гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштерін, ішкі ағзалар мен тіндердегі патологиялық өзгерістерді тұрақты түрде зерттеу қажет, бұл арқылы сау және ауырып жатқан жабайы жануарлардың денесінің жалпы патологиялық өзгерістерінің көрінісі айқындалады.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу. Докторант А.Р.Қожаева өзінің диссертациялық жұмысында теориялық, әдістемелік, практикалық, паразитологиялық және патологиялық зерттеу әдістерін пайдаланды. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі зертханалық зерттеу барысының нәтижелерімен расталған.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі. Жайық популяциясындағы киіктердің ценуроз және мониезиозбен ауруы бойынша жаңа деректер алынды. Ішкі ағзаларда *Moniezia expansa* мен *Coenurus cerebralis* орналасқан жерлеріндегі патологиялық өзгерістер зерттелді. Гельминттермен инвазияланған киіктердің гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері анықталды. Жабайы табиғаттағы киіктер мен тәлімбақтағы киіктердің қан көрсеткіштері салыстырылды. Киіктердің популяциясы арасында паразитарлық аурулардың эпизоотикалық әл-ауқатын сақтау үшін ұсыныстар әзірленді. Алынған нәтижелер Қазақстанның ветеринарлық ғылымы мен тәжірибесі үшін жаңашыл және өзекті болып табылады.

Жасалған зерттеулер паразитарлық аурулардың үй жануарларынан жабайы жануарларға таралуы туралы теорияны растады. Киіктер үй жануарлары арасында гельминттердің (*Coenurus cerebralis*, *Moniezia expansa*)

негізгі резервуары және таратқышы болып табылмайды, сондықтан паразиттік жүктемені азайту мақсатында Батыс Қазақстан облысының Казталов және Жәнібек аудандарының шаруа қожалықтарына қажетті шараларды қолдану ұсынылады. Ценуроз және мониезиозбен инвазияланған киіктердің ішкі мүшелері мен тіндеріндегі патолого – анатомиялық өзгерістері анықталды. Алайда мұндай өзгерістер диагностикалық емес, өйткені олар киіктерде тезаниезия, авителлин және стилезиямен паразиттенген кезде де байқалады.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелерін ветеринария мамандықтарының студенттері мен магистранттарының, ветеринария – ғылыми бағыты бойынша докторанттардың және ветеринар дәрігерлердің біліктілігін арттыру курстарының тыңдаушыларының оқу процесіне пайдалануға болады.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды, барлық тараулары мен құрылысы логикалық толық байланыста, автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі кейбір шешімдермен салыстырмалы түрде көрсетілген. Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидалары жаңа болып табылады.

Диссертация нәтижелері жаңа, барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды, жалпы жұмыс мақалалармен дәлелденген. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа, дәлелді, қолдану деңгейі кең.

Зерттеу нәтижесінде ценуроз және мониезиозбен инвазияланған Жайық популяциясы киіктерінің клиникалық көріністерін, патоморфологиялық өзгерістерін, қанының гематологиялық және биохимиялық көрсеткіштері анықталды.

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша 16 ғылыми басылым жарық көрді, оның ішінде 3 мақала халықаралық Scopus деректері базасына енгізілген жарияланымдарда, 6 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған басылымдарда, 4 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған.

ҚР 1 қорғау құжаты алынды, 2 ұсыныс әзірленіп, жарияланды.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі. Диссертант зерттеу жұмыстарын орындау кезінде барлық іс – шараларға өзі тікелей қатысып, әр бөлімнің жұмысын орындап, арнайы жазба журналдары мен тиесілі құжаттарын толтырып отырған. Алынған мәліметтерді толықтай статистикалық өңдеуден өткізіп, нәтижелерін диссертацияның бөлімдерінде ашып көрсеткен.

Докторант ғылыми жариялынымдарды дайындауға, рәсімдеуге, оларды шет елдік және отандық басылымдарда жариялауға ұсынуға тікелей қатысты.

Диссертант 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды жүйелі, әрі терең меңгерді.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу көлемі.
Диссертация кіріспеден, зерттеу бағытын таңдаудан, зерттеу материалдары мен әдістемесінен, өз зерттеулерінің нәтижелерінен, қорытындылары мен өндіріске ұсыныстарынан, 147 атауды қамтитын қолданылған дереккөздер тізімінен тұрады. Диссертация қажетті стандарттарға сәйкес рәсімделе отырып, жалпы көлемі 115 бетте жазылды, 13 кесте, 45 суретпен безендірілген.

Қорытынды. Қожаева Айгерім Романқызы 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайықты.

Ғылыми кеңесші:

«ҚазҒЗВИ» ЖШС Бас директорының
ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары,
ветеринария ғылымдарының докторы,
профессор



А.М.Абдыбекова

Пікір беруші в.ғ.д.
А.М.Абдыбекованың
қолын растаймын,
Бас ғалым хатшы



Ф.Е.Сембина

19.08.2024.